

Ә.Ж. Нәби¹, Ә.А. Құранбек¹, З.С. Исакова¹,
С.Ө. Абжалов², Б.М. Аташ^{1*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

*e-mail: atash_berik@mail.ru

НӘЗИРАГӨЙЛІК ДӘСТҮРДІҢ ГЕНЕЗИСІ МЕН ТАБИҒАТЫ: ТАРИХИ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аталған жұмыста шығыс қисса-дастандары тақырыбы және Ұлы дала мәдениеті мен әдебиетінде зор із қалдырған нәзира дәстүрі тарихи-философиялық, мәдениеттанулық тұрғысында қарастырылады. Зерттеу шығыс сарындарының ретроспективалық аспектілерін талдауға және олар жеткізетін негізгі идеялар мен рухани бағыттарды анықтауға бағытталған. Мақсат – шығыстық шығармалардағы философиялық ұғымдар мен олардың дастаншыл-қиссашыл нәзира дәстүрі арналары арқылы ілгерілеу үдерісін анықтау және оның генезисін философиялық-мәдениеттанулық тұрғыдан зерделеу. Зерттеу әдістемесі философиялық концепция-тұжырымдамалар мен тарихи дәуірлеу әдістерін қолдана отырып, Қазақстан кітаби әдебиетінің мәтіндерін зерделеуді, тарихи-салыстырмалы талдауды, генетикалық тұрғына басшылыққа алады. Қисса дастандардың мазмұнын зерделей отырып, негізгі тақырыптар ашып көрсетілді: даналық, әділеттілік, тағдыр, жақсылық пен жамандық сияқты шығыс толғамдарында орын алған негізгі ойтүйерлер анықталды. Нәзираны әдіс-тәсіл ретінде қабылдау арқылы өзге мен өзінікін жетілдіріп синтездеп ұсыну және беру үрдісі талданады. Зерттеу сонымен қатар шығыс хикаят-әңгімелері мен дастандарының қазіргі қоғам үшін философиялық маңыздылығы ұсынылды, көне мифологиялық көріністердің әдеби тілдегі берілу жолдары мен олардың басқа да тілдерде қайта жырлануының өзіндік технологиялары көрсетілді. Нәзирагөйлік дәстүрді аранйы институт ретінде қарастыра келе, оның қызметтерін, жалпылама табиғатын ашып көрсететін тұжырымдар ұсынылды. Оның генезисі тек әдеби дәстүрде ғана емес, жалпы қоғамдағы рухани мәдениетте: өнерде, әлеуметтік мифтерде, ғылым дамуында, оның ішінде жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдарда да т.б. көрініс табатындығын аналогиялық түрде көрсеттік. Бірақ адамзат руханиятындағы қайталалаулардың әрқилы форматта құрылымданатындығын туралы тұжырым жасай келе, нәзирагөйліктің өзіндік ерекшеліктерін атап өттік.

Түйін сөздер: нәзира, миф, ұлттық бірегейлік, әдебиет, аударма, тіл.

A. Nabi¹, A. Kuranbek¹, Z. Isakova¹,
S. Abzhalov², B. Atash^{1*}

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

*e-mail: atash_berik@mail.ru

Genesis and nature of naziratradition: historical, cultural and philosophical analysis

In this paper, eastern epic tales and the nazira tradition, which left a significant trace in the culture and literature of the Great Steppe, are considered in historical-philosophical and cultural aspects. The research is devoted to retrospective analysis of oriental epic motifs, identification of their key ideas and spiritual directions. The aim of the work is to define philosophical categories presented in oriental works, to study their evolution through the consideration of epic texts and nazira tradition, as well as to investigate their genesis in the philosophical and cultural context. The research methodology is based on the conceptualisation of the main concepts in philosophical discourse, as well as on the use of the genetic approach, methods of historical periodisation and comparativist analysis. The work directly analyses the texts of book literature of Kazakhstan. When studying the content of epic works, special attention is paid to such philosophical categories as wisdom, justice, fate, good and evil, widely represented in the oriental reflections. The process of synthesis and refinement of borrowed and original elements through the perception of nazira as a method is analysed. The article substantiates the philosophical significance of oriental tales and dastans for modern society, analyses the ways of transmission of ancient mythological images in literary language and mechanisms of their adaptation in different languages and cultural

contexts. The nazira tradition is studied as a special institution, the author presents conclusions revealing its peculiar nature and functions. It is shown that its genesis is manifested not only in the literary tradition, but also in the spiritual culture of society, including art, social myths, as well as the development of natural and human sciences. The conclusion notes the repetition of key elements of the spiritual culture of mankind in different historical and cultural formats, which allows to reveal more deeply the originality of the nazira tradition and its significance in the cultural heritage of the East.

Key words: nazira, myth, national identity, literature, translation, language.

Ә.Ж. Нәби¹, А.А. Куранбек¹, З.С. Исакова¹,
С.О. Абжалов², Б.М. Аташ^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Международный казахско-турецкий университет имени Кожы Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан

*e-mail: atash_berik@mail.ru

Генезис и природа традиции нәзира: исторический культурно-философский анализ

В данной работе в историко-философском и культурологическом аспектах рассматриваются восточные эпические сказания и традиция нәзира, оставившая значительный след в культуре и литературе Великой степи. Исследование посвящено ретроспективному анализу восточных эпических мотивов, выявлению их ключевых идей и духовных направлений. Цель работы заключается в определении философских категорий, представленных в восточных произведениях, изучении их эволюции посредством рассмотрения эпических текстов и традиции нәзира, а также исследования их генезиса в философско-культурологическом контексте. Методология исследования основана на концептуализации основных понятий в философском дискурсе, а также использовании генетического подхода, методов исторической периодизации, компаративистского анализа. В работе непосредственно проводится анализ текстов книжной литературы Казахстана. При изучении содержания эпических произведений особое внимание уделяется таким философским категориям как мудрость, справедливость, судьба, добро и зло, широко представленным в восточных размышлениях. Анализируется процесс синтеза и усовершенствования заимствованных и оригинальных элементов через восприятие нәзира как метода. В статье обосновывается философская значимость восточных сказаний и дастанов для современного общества, анализируются способы передачи древних мифологических образов в литературном языке и механизмы их адаптации в различных языках и культурных контекстах. Традиция нәзира исследуется как особый институт, автором представлены выводы, раскрывающие её своеобразную природу и функции. Показано, что её генезис проявляется не только в литературной традиции, но и в духовной культуре общества, включая искусство, социальные мифы, а также развитие естественных и гуманитарных наук. В заключении отмечается повторяемость ключевых элементов духовной культуры человечества в различных исторических и культурных форматах, что позволяет глубже раскрыть своеобразие традиции нәзира и её значение в культурном наследии Востока.

Ключевые слова: нәзира, миф, национальная идентичность, литература, перевод, язык.

Кіріспе

Түркі және қазақ әдебиетіндегі жанрдың бір түрі – нәзирағөйлік, негізінен алғанда, көп жағдайда, шығыстық қисса дастандар бойынша құрылымданады. Ү.Сүбханбердина «Қисса-дастандар. Шығыс хикаяларының желісіне құралған қазақ дастандары» атты еңбегінде Абайдың арғы жағында ортаазиялық түркі әдебиетінің ықпалымен немесе түріктің жазбаша шайырларының нәзиралық үлгісімен келген қисса-хикаяттардың қазақ әдебиетінен алған орны ерекше. Бұл шығыстық сюжетке құралған қазақтың қисса-хикаяттары қазақ әдебиетінің бір үлкен саласы болғандықтан, оның тарихи ізін де ұлттық жазба әдебиетіміздің қазынасынан іздес-

тірген жөн (Қисса-дастандар, 1986: 5) деп баяндайды. Негізінен, шығыс қисса-дастандарының далалық нәзира дәстүрін әдебиеттанушы-филологтардың бір тобы зерделегенмен, мәдениеттанулық-философиялық қырларын жүйелі түрде зерттеудің болмауы жіті назар аударуды және терең талдауды қажет ететін мәселе. «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясындағы «Орта ғасырдағы түркі ойшылдары» томдығы секілді шығарылымдар да бар: Бурханеддин Рәбғузи, Сәйф Сарай т.б. (Орта ғасырдағы түркі ойшылдары, 2005). Бұндай зерттеулерден қазіргі түркі халықтары да кенде емес, мәселен, Өзбекстанның Ч. Эргашева (2018, 67 б.) тәрізді ғалымдары тіптен музыкадағы нәзирашылдықты зерттеуге бет бұрған.

Зерттеудің объектісі – әдеби туындылар, ал пәні – шығыс қисса-дастандары мен нәзира дәстүрінің қазақ ауыз және кітаби әдебиетіндегі тарихи даму жолы мен оның мәдениеттанулық-философиялық келбеті.

Материалдар мен әдістер

Материалдар әртүрлі дереккөздерден, соның ішінде шығыс әдебиетінің қазақша жырланған классикалық мәтіндері мен заманауи басылымдардан жиналды. Зерттелетін материалдың сапалық және сандық сипаттамасы шығыс хикаят-әңгімелер мен дастандарындағы негізгі тақырыптар, мотивтер мен ондағы философиялық көзқарастарды тізбелеп анықтауға ғана емес, нәзира дәстүрінің әлемдік-түркілік дамунамасын дәуірлеп-образдауға да мүмкіндік берді. Яғни ауыз әдебиетіне тән жанр, оқиғалы жыр-дастандар кітабилік ретінде де жан-жақты сипатталды. Сондықтан да, нәзирагөйліктің шығу тегіне үңілетін генетикалық, тарихи-салыстырмалы, ғылым логикасы негізіндегі феноменологиялық талдаулар қолданылады. Ф. А. Кузин (2011, 25 б.) ұсынған әдістемеге сәйкес тарихи дәуірлеу, ара-арасы мәтіндерді талдау, салыстырмалы талдау әдістер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу – шығыс әдебиеті, философиясы және назир дәстүріне арналған негізінен отандық – кеңестік және тәуелсіздік дәуірлері авторларының іргелі еңбектерін зерттеп зерделеуді қамтиды. Әдебиеттанудағы шығыс қисса-дастандары мен нәзира дәстүрінің философиялық аспектілерін түсіндіруге ұмтылағын көзқарастар да негізге алынды.

Нәтижелер және талқылау

Ү. Сұбханбердина «Мұның өзі соңғы кезге дейін байқалып келген және біздің халықтардың ұлттық мәдениетіне терең із қалдырған құбылыс. Шығыстық классикалық әдебиетінің шығармалары қазақ даласына сол елдердің өзінен тікелей және көршілес Орта Азия халықтары арқылы да келіп жеткен» (Қисса-дастандар, 1986: 5) деген болатын. Қисса-дастандар тақырыбын зерттеуші тағы бір әдебиетші ғалым М. Мырзахметұлы «Түркістанда туған ойлар» еңбегінде өз ойларын былайша тиянақтайды: «Көне дәуірден-ақ біздің ата-бабаларымыз ескі шығыстың басты-басты елдерімен әрқилы тарихи-әлеуметтік жолдар арқылы бірде тікелей, бірде жанама түрде болса да қарым-қатынасын үзбей келген. Ол елдердегі орын алған ірі тарихи оқиғалар мен әйгілі көр-

кем туындылардың қоғамдық санадағы іздері, әсіресе көркем әдебиет саласында бүгінгі күнге дейін жетіп отыр» (Мырзахметұлы, 1998: 331). Осы тұста, алдымен, «Қисса-дастандар» түсінігіне логикалық-семантикалық тұрғыдан шолу жасап өтуімізге болады.

«Қисса» – «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» бойынша араб сөзі, «әңгіме, ертегі, мысал» деген мағына береді» (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, 1998). Тақырыбы әрқилы, сюжеті шытырман, қара сөз үлгісінде айтылатын шығарма. Қисса көптеген шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кездеседі. Профессор А.Қыраубаева «Шығыстық қисса-дастандар» 5 томдық шығармалар жинағына енген жазбасында оның тууына тікелей Құран сюжеттері, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» негіз болды дей отырып, арғы бастауында көне Ассирия-Вавилон, грек, шығыс фольклоры, алғашқы қауымдық мифтердің де жатқанын жоққа шығармаған. «Ол жазба әдебиеттің басталу тұсында әлі ауызша әдебиеттен ажырай қоймаған кезеңде туған көне жыр» (Қыраубаева, 2010: 7) деп анықтама берген.

«Дастан» – «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» бойынша парсы тілінен енген, өлеңмен жазылған хикая, әңгіме, шығарма (Мамырбекова, 2017). Таяу, Орта Шығыс және Оңтүстік Шығыс Азия фольклоры мен әдебиетінің эпикалық жанры. Әдетте халық ертегілерінің, аңыздары мен хикаяларының әдеби өңделуін білдіреді. Дастан поэтикалық және прозалық түрде кездеседі (Қоқымбаева, 2013). «Қисса» сөзінің мағынасы кең. Мәселен, бауырлас өзбек, қарақалпақ, түркімен, тәжік және тағы басқа да халықтардың әдебиетінде жалпы ұқсас болғанымен, дәл бірдей емес. Мысалы, тәжік әдебиетінде ертегі – «қисса», айтушысын – «қиссагөй» деп атайды. Ертеректе өзбек дастандарын ауыл аралап, оқып таратқан кісілерді «қиссаэхан» деп атаған. Қарақалпақта ертеде шығыс кітаптарын халыққа оқып таратушыларды «қыссашылар, қиссахандар» деген. Түркімендер «Горолы», «Шасеңем-Ғарып», «Лейла – Межнун», «Зохре – Тахир» дастандарын қисса түріне жатқызады. Қазақ арасында «қисса» сөзі кеңірек мағынада қолданылған кездері болды. Қазанда, Петерборда, Тәшкентте «Қыз-Жібек», «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» секілді халықтың эпикалық жырлары «қисса» деген атпен басылып жүрген де кездер бар. Кейінірек олардың арасы ажыратылып, «батырлар жыры, лиро-эпос» деген атаулар қолданылатын болды. Ал ертерек кезде ұзағырақ өлеңмен жазылған

әңгімені «қисса, хикая» деп келді. Бұдан хикая мен қиссаның қазақ ұғымындағы мағынасы төркіндес болғанын байқаймыз. Әлі күнге дейін араб, иран елдерінде ірі прозалық шығармаларды «қисса, хикая» дейді. Зерттеуші Ө.Күмісбаев атап өтпекші, «Қисса Серғазы», «Қисса Құламерген», «Бозжігіт», «Жүсіп-Зылиха», «Қисса Тахир-Зухра» және т.б. осы іспеттес туындылар қазақтың ауызша, жазбаша әдебиетімен жалғасып, қабысып жатыр. Қазақ лирикасы мен эпикалық жырларының дамуына «Сейфулмәлік» «Бозжігіт», «Тотынама», «Қырық уәзір» секілді қисса-хикаяларының кітаби тілі әсерін тигізген. Ақын-жыраулар қазақтың дәстүрлі жырлары мен қатар осы қисса кітаптарды жаттап алып, айтып жүрген. «Қисса, хикая» деген атауларды кейде қазіргі ақын-жазушылар да қолданады. Мысалы, Х.Ерғалиевтің «Қызқисса» атты поэмасы бар. Қ.Ысқақов кейбір әңгімелерін «хикая» деп атаған (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, 1998).

Бүгінгі таңда қазақ ғалымдары арасында осы дәстүрді «нәзирагөйлік, нәзира» деп атау үрдісі қалыптасқан. Оның қай дәуірлерден бастау алатынын туралы да түрлі көзқарас бар. Олар нәзирашылдықтың атақты парсы ақыны Әбілқасым Фирдауси заманынан өріс алатынын атай отырып, ұлыдалада туып дамыған кезеңдерін – Алтын Ордалық жыршылық және XIX ғасырдағы кітаби ақындар тарих сахынасына шыққан межелерін көрсетеді.

Қазақ әдебиеті тарихнамасында осынау екі межелік дәуірлеуді «оянушылық» ұғымымен байланыстыра зерттеген бірегей филолог А.Қыраубаева. Оның жеткізуінше, XIII-XIV ғасырлардағы түркітөктес халықтар әдебиетіндегі негізгі бағыттың бірі – өткенге назар салу, өз заманындағы тірлік-тынысына ұқсас жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың шығармаларынан тауып, соларды өз тілінде қайта сөйлетуге ұмтылыс, кейде оды өздігінше дамыту, айырықша талант биігін танытуға талаптану еді. Мұндай ағымның бел алуына бір кезде әл-Фараби да ден қойған Қайта өрлеудің, сол дәуірде жер жүзі мәдениетіне жайылып жатуы орасан әсерін тигізді. Мұндай әсерлер мен ықпалдар Әли, Құтба, Сәйф Сарай шығармашылығындағы классикалық парсы әдебиетіне еліктеуден, сондағы қайта өрлеу идеясына бой ұрған ақындардың шығармаларын, бұрынғы араб-парсы әдебиеті үлгілерін өз заманына лайықтап қайта жаңғырту талпынысынан туған шығармалардан көрінеді. Бұлайына бір ақынның жазғанын екінші ақынның қайталап өзінше баяндауы шығыста көп та-

раған. Бұл «нәзира дәстүрі» деп аталады (Классикалық зерттеулер, 2012: 180).

М.Әуезов (1959, 72 б.) те кезінде «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалары негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығатыны болады» дей отырып, бұлайша әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек еместігіне тоқталған. Ендеше, ол «өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп атау да берген» (Әуезов, 1959: 110).

А.Қыраубаеваға тағы жүгінсек, XIII-XIV ғасырда туған шығармалардың бір ерекшелігі – бірқатары аудармаға жақындау болса, бір парасы нәзираға жақын. Кейде бір шығарманың ішінде осы екі әдіс те қатар қолданылады. Осыдан-ақ соңғы кезде «**аударма-нәзира**» деп алынып жүрген анықтама бұл шығармалардың ерекшелігін толық көрсетеді (Классикалық зерттеулер, 2012: 180).

М.Мырзахметұлы (1998, 331-332 б.) нәзирагөйліктің қарқын алған екінші кезеңін баса сипаттауы өзге ғалымдардан ерекшеленеді. Ол «Осы іспеттес әдеби құбылыстардың бірі түрі XIX ғасырда Қазан, Уфа, Ташкент, Орынбор қалаларында баспа орындарының пайда болуына сәйкес қазақ әдебиеті тарихында «кітаби ақындар» аталып кеткен қисса-дастан жанрында өндіре еңбек етіп, дүниетанымдық, адамшылық, махаббат, сезім теңдігі сияқты ой-пікірлерді мол таратқан ақындар әдебиет майданында белсене қызмет етті. Олар араб, парсы, үнді, түркі халықтарының әдебиетіндегі аңыз, қисса, хикаяттардың желісіне сай еркін аударма жасау, нәзирагөйлік дәстүрді қолдану, кейде сарын қосу, ақындық шабыт жарастыру арқылы қазақ топырағында жаңадан пайда болған соны түрдегі қисса-дастандар үлгісін тудырып, әдебиет әлемінде өзіндік өрнегі бар рухани көркем туындылар жасады» дейді ғалым.

Жалпы, қазақ әдебиеті тарихында кітаби ақындар, яғни діни сарындағы қисса-дастандар, насихаттық өлеңдер жазатын ақындар шоғыры XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысында біршама мол болғандығын көре-

міз. Әдебиеттанушы А.Байтанұлы (2020, URL) «Дөңтай ақын дастандары туралы» мақаласында шебер түйіндегендей, адамзат қоғамының ұласпалы үрдісіне тән дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық ұғымдары тұрғысында қарастыратын болсақ, мұның да өзіндік көптеген себептері бар еді. Кеңестік дәуірдің әдебиет зерттеушілері «діншіл ақындар» деп, таптық тұрғыда қарастырған аталған бағыт өкілдері туралы толыққанды сипаттама жасай қойды деп айта алмаймыз. Негізінен XIX-XX ғасырларда ерекше белсенді көрінгені болмаса, әдебиет тарихында кітаби дәстүр бұрыннан бар болатын.

Айтса айтқандай, кітаби ақындар нәзирашылдығына арқау болған діни сюжеттегі қара сөзбен баяндалатын шығармалардың барлығы дерлік қазақ оқырмандарына ежелден таныс болатын. Оларды дастан түрінде қайта жырлау заманға сай қажет болды және бұл сұранысты кітаби нәзирағәй ақындар лайықты өтеді деуге болады.

А.Қыраубаева (1997, 13 б.) жазба ақындардың XIX-XX ғасыр басындағы легін атап өтеді: «XX ғасырдың бас кезіндегі кітаби ақын-шайырлар қатарында Мәшһүр Мақыш Қалтайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы, Сұлтан Шәді Жәңгірұлы, Ақылбек Сабалұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Қарасақал Ерімбет, Ақыт Үлімжіұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Омар Шораяқұлы, Молда Мұса секілді көптеген ақындарды атауға болады».

Қисса-дастанның XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде қатты дамығанын барлық ғалымдар растайды. Сондықтан да ғасыр басында ол бағытқа қызығушылықтың да туындай бастауы заңды. Айталық, «қисса» – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. Алаш тұлғасы А.Байтұрсынұлы өлең мен жазылған діндар әңгімелерді «қисса» деп атаған. Яғни бұл әңгімелер – басқа жұрттың ертектері депті. А.Байтұрсынұлы бойынша мазмұндық жағынан алғанда мұндай қиссалар екі түрлі болып келеді:

- Мұсылман дінінің ерекшелігін таныту мақсатында жазылған қиссалар («Зарқұм», «Салсал», «Сейфүл-Мәлік»);

- Шарифат бұйрығын орнына келтірмеген адамдардың өмірінен мысал келтіріп, «шарифаттың заңдылықтарын орындау керек» деген оймен жазылған қиссалар («Мұса мен Қарынбай», «Жұм-Жұма») (Байтұрсынұлы, 2017).

Алайда тапшыл кеңес үкіметінің орнауы және идеологиялық аппараты бұл туындыларды «пантүрікшілдік», «панисламшылдық» деп

айыптағанын ескерсек, оның ғылыми-зерттеу айналымда бөсеңдеп кетуі де қисынды. Алайда Қ.Сәтбаев сияқты тұлғалар 1938 жылғы репрессиядан кейін, күні кеше болып өткен нәубеттің салқынына қарамастан дәл осы істі төрт жылдан соң қазақ халқының эпостық дәстүрін қайта қолға алады. Тарих үшін мәлімет – 1942 жылы соғыс қайнап жатқанда Маңғыстаудан Мұрын жырауды алдырып, «Қырымның қырық батырын» қырық күн жырлатып, қағазға түсіреді. Ол кезде жырау сексен үш жаста екен. Жырды қағазға түсіріп болған соң, ертесіне филармонияның сахнасында екі күн қатарынан «Орақ-Мамай» мен «Қарасай-Қази» жырларын жырлатады. Көп көрермен жинамайды. Тек С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Н.Сауранбаев, А.Жұбанов, Ә.Марғұлан сынды алпыс шақты жазушы, ғалым қатысады. Сол жылы тұңғыш рет «Қырымның қырық батыры» деген атпен дастандар циклі басылып шығады (Керімбай, 2023: 70).

Қисса-дастан мәселесінің жалпы жағдайлары кеңес кезінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Б.Шалабаев, Х.Сүйіншәлиев еңбектерінде арнайы жекелей қозғалмаса да ішінара сөз болды. Мысалы, М.Мырзахметұлы (1998, 332 б.) бұған қатысты «Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысының сан ғасырларға созылған ұзақ тарихы, әр дәуір сипатына сай туындаған рухани қарым-қатынастардың түрлері КПСС XX съезінен кейін ғылыми тұрғыдан зерттеліп, көпшілік сарабына салуға бет бұра бастады» деп атап өтеді.

Қиссашы ақындарды әдебиетке танымалдандыруды Б.Кенжебаев еңбектерінен де көреміз. Ол оларды «ағартушылық бағыттағы ақындар» деп жаңаша айдарлап бөлу арқылы «ескішіл» деген айыптан арашалап шықты. Осы кезеңдегі тамаша ғалымдар шоғыры – М.Бөжеев, М.Ғұмаров, Н.Келімбетовтердің зерттеулері де тарих пен философия үшін айрықша маңызды (Қыраубаева, 2010: 8-10). Одан беріде, «Классикалық зерттеулер» көптомдығы дерекнамасына сүйенсек, Ү.Сұхбанбердина, Б.Әзібаева, С.Қақабасов, К.Матыжановтардың да ізденістерін атап өту керек. Сексенінші жылдардан бері қарай шығыс әдеби байланыстар жөнінде Ш.Сәтбаева, Ө.Күмісбаевтың бірқатар сүбелі еңбектері жарық көріп, бұл бағыттағы қатқан сең қозғалды. Рас, бұл жерде айрықша тұғырлы орын – А. Қыраубаеваға тиесілі екені даусыз. Ол 1971 жылы «Қисас ул-Рабғузи» мен «Махаббатнаманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кан-

дидаттық, 1997 жылы «Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған (Классикалық зерттеулер, 2012: 363).

Негізінен Рабғузи мұрасы мен «Зарқұм», «Салсал», «Сейфүл-Мәлік», «Жұм-жұма»,

«Ескендір» шығармалар тізбегін зерттеу нәтижесінде шығыс қисса-дастандары мен нәзира дәстүрінің негізінде туындаған шығармалардың сюжеттік-мазмұндық құрылымындағы экзистенциалдық мәселелерді былайша жинақтап көрсетуімізге болады:

1-кесте

Философиялық ұғым	Түсіндірмелері
Даналық пен таным	Шығыстекті әңгімелер мен дастандарында даналық, білім және шындықты іздеу мәселелері жиі талқыланады. Шығармалардағы кейіпкерлер өмірдің мәні мен рухани құндылықтары туралы ойлауға мәжбүр ететін әртүрлі өмірлік жағдайларға тап болады.
Әділеттілік пен мораль	Әділеттілік философиясы көптеген шығыс әңгімелерінде маңызды рөл атқарады, онда кейіпкерлер моральдық дилеммаларға тап болады және жақсылық пен жамандықты, әділеттілік пен әділетсіздікті таңдауға мәжбүр болады.
Тағдыр және ерік	Тағдыр мен ерік-жігер тақырыбы шығыс қисса-дастандарында да кеңінен ұсынылған, онда кейіпкерлер тағдырмен күресіп, оның бұғауынан босатуға тырысады.
Жақсылық пен жамандық	Жақсылық пен жамандық философиясы көптеген шығыс әңгімелерінде басты тақырып болып табылады, онда кейіпкерлер адам табиғатының қараңғы жағымен бетпе-бет келіп, мейірімділік пен жанашырлыққа жол іздейді.

Бұл дастандар генезисі жағынан араб, бергісі – парсы, тіптен бергісі ортаазиялық туысқан өзбек-түркімен халықтар арқылы келіп жеткен деген түйін жасаймыз. Бірақ олар сол қалпында тікелей аударылған жоқ, қисса-дастаншылардың қатаң өзіндік түркілік-далалық идеологиялық-дүниетанымдық елегінен өтіп, өзгеше сарын мен стильде жаңаша толғанылғанын байыптаймыз. Сондақтан да қазақ нәзира туындыларын таза қалпында жергілікті коларит пен діл ескерілген, түпкі қайнар-көзінде қазақпен қатар Орта Азия халықтарының рухани дүниесі жатқан қазына (Мырзахметұлы, 1998: 333).

Өзбекстандық өнертанушы әріптес Ч.Эргашеваға (2018, 67 б.) және жүгінсек, нәзирагөйлік бір әдебиет аясымен бітпейді. Оның сөзінше, өнердің барлық түрлерін дамытудың міндетті шарты, оның ішінде классикалық дәстүрлі музыка белгілі бір дәстүрлерге сүйенсе, сол сүйеудің бірі осында жатыр. «Бір осындай «іргелі» дәстүрлердің ішінен «еліктеу» немесе «ұқсас шығармаларды» баса айту керек. «Нәзира» классикалық әдебиетте кеңінен танымал және ол сондай-ақ ерекше формаларда және музыкалық шығармашылықта да қолданылады» деп ол түйіндеген.

Шығыс мәдениетінде сезімге және оның тіл арқылы жеткізілуіне көп көңіл бөлінгені белгілі. Осыған байланысты ойшылдардың философиялық, әлеуметтік ойлары негізінен терең эсте-

тикалық бейнелермен, ұстанымдармен көмкерілгені байқалады. Осындай формадағы сөздің экспрессивтілігіне басымдылық беру мәдени сабақтастықпен қазақтың этникалық тарихында беки түскеніне куә боламыз. Нәзирагөйлік дәстүр туындалырынның бірі – Алтын орда тұсында дүниеге келген шығарма Рабғузидың «Қиссасул әнбие» туындысы. Халық арасында бұл еңбек «Қиссас ул-әнбие», «Қиссас ул-әнбие рабғузи», «Қиссас ул-әнбие әлейһи әс-сәләм» және Қиссаи Рабғузи» деген атпен де кең тараған (Әдеби жәдігерлер, 2008: 7). Б.Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» кітабының жазылу себебін сипаттайтын бөлімде: «Осыдан небары отыз-қырық жыл бұрын ғана өмір кешкен, қазір арамызда жоқ көнекөз қариялардың, сұңғыла ғалымдардың алдын көріп, әңгімелерін тыңдаған едік. Мұның сыртында «Қисас-ул анбийа», «Нахдж-ул-Фарадис», «Сиййар шариф» сияқты толып жатқан көне түркі жазба ескерткіштеріне қанықпыз» Ата-бабаларымыздың басынан өткен оқиғалары өз алдына бір төбе» деп пайымдаған еді (Сағындықұлы, 1997: 12-13). Әселхан «Шексіз ғалам» деген өлеңінде «Адам ата ұрпағымын, Көкірегі көп сыздағандеп жырлайды» (Қалыбекова, 2000: 5). Қиссалардың тіл мен ділге, қандай рухани құндылықтар жаратқанына, қазақ рухани болмысында қалай көрініс тапқанына қатысты А.Қыраубаеваның «Аударма – нәзира әдебиет» («Қисас-ул Рабғузи») («Рабғузи қисса-

лары»)) зерттеуінде: «Замана шындығын, теңсіздік жайын проблема етіп көтерген, көркемдік қасиеті, сөз өрнегі айрықша әсем, қазақ айтыс өнерінің шоқтығы биік үлгісі, атақты «Біржан – Сара» айтысы» дей келе Сара жырынан мынадай үзінді келтіретіні бар (Классикалық зерттеулер, 2012: 220):

«Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың?
Сөз білсең бұл да сенің жамандығың.
«Қисасул әнбиеден» естімеп пе ең?
Белгілі мағлұл болды надандығың.
Адамды топырақтан жаратты хақ,
Надандығың білінсін, бұл сөзге бақ.
Хауа Анаға бұрын барған Адам Ата,
Есіткен жоқ па едің мұны да ақымақ?!».

Тарихи тұлғалардың бірі – Александр Македонский, өзгелерге Йеменнің бір патшасы. Оның лақап аты Рум мен Парсыны билегендіктен бейнелеп қойылған деп жорамалдайды. Құдіреттіліктің, молшылық пен биліктің бейнесі ретінде «мүйіз» сарыны ежелгі шығыстың аңыз-әңгімелерінде өте көп тараған. Қиссалық сананың тағы бір жемісі «Адамдар көзі дүниеге тоймайды. Адамның көзі өлгенде бір уыс топыраққа» ғана тояды» деп түйіндейтін Абайдың атақты «Ескендір» поэмасының да неден арна тартып тұрғаны өз-өзінен түсінікті болса керек. Зұлқарнайын қиссасын жазу үшін Рабғузидың да көп тараған аңыз-әңгімелерді, өзінен бұрын жазылған кейбір кітаптарды қарап, оқығаны байқалады. Оларды өз сөзімен баяндап берген, өз шығармашылығының елегінен өткізген. Бір оқиға әрқилы нұсқалармен айтылса, оны да көрсетіп отырған. Мысалы: «Ескендірдің» «Зұлқарнайын» – «Қос мүйізді» делініп аталуының мәнісін әркім әртүрлі түсіндіреді. Біреулер: «Құрна» араб тілінде «мүйіз» деген сөзді білдіреді. Ал «Иуна» – көптік жалғауы, «екі» мағынасын білдіреді, содан барып «Қос мүйізді» делінген, – дейді (Классикалық зерттеулер, 2012: 201). Тұтастай алғанда, бұл бір ғана Ескендір қиссасының үлгісі арқылы-ақ нысаналы кестеде көрсеткен философиялық басты ұғымдардың – «Даналық пен таным», «Әділеттілік пен мораль», «Тағдыр және ерік» тармақтарының еркін тарқатылғанын көрсетеді. Өз орайында бұл сипат өзге де қиссалық шығармалардың ортақ қасиеті екендігін растаймыз.

Араб-парсыда Ескендірді белгілі-белгісіз ақындардың көбі жырлап, прозалық шығармалар да, көптеген дастандар да туғызған. Низами, Жәми, Науаиге қоса Табарі, Абу Әли Мұхаммад ибн Мухаммад Балами («Хроника», X ғ.), Фир-

доуси («Шаһ-нама», X ғ.), Әбу Бәкір Мұхаммад ибн әл-Вәлид әл-Фахри, ат-Туртуши («Сирад ал-Мулук», XI ғ.), Әбу Хамид Мухаммад ибн Мухаммад Ғазали («Ат-тибр әл-мәсбук фи Насихат әл-Мулук», XI ғ.), Әмір Хосрау (XIII – XIV ғғ.) ақындар да жазған. Бұлар бір-бірінен көшірілген аудармалар емес, әрқайсысы өзінше жазылған нәзира шығармалар (Классикалық зерттеулер, 2012: 201). Ұлы дала ареалында да Рабғузиден бастап нәзирагөй-қиссашылардың нешеме буыны Ескендірді өзінше жырлады, оған өзінше портрет-образ, сюжеттік бояу мен реңк беріп, өзіндік толғам-пәлсафасын жасады.

Бұл жерде жалпы нәзирашылдық өкілдеріне қатысты «Орта ғасырдағы түркі ойшылдары» кітабында келтірілген пайымды дәйек етуге болады. Ондағы тұжырым бойынша ойшылдар дүниетанымы терең экзистенцияльді сипатта көрініс береді және олардың негізінен көтерген мәселелері жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, тіршіліктің өтпелі қасиеттерін түсінудің төңірегіне топтасқан. Адам өміріндегі өтпелі шақтар көбінесе о дүниедегі мәңгі рухтық өмірге жалғасатынына сенімді. Бірақ осы дүниенің әрбір күнін босқа өткізбей, адам жақсылық жасаумен айналысып, тіршілікте ақиқатқа қарай ұмтылу қажеттігін даналар әрбір пендеге ескертуге ұмтылады. Міне, сондықтан бұл өмірді, тіршіліктің қиын да қызық кезеңдерін жауапкершіліксіз өткізуге болмайтыны барлық шығармаларда көркемдік бейнелер арқылы, зерделі ойлар арқылы тұжырымдалады (Орта ғасырдағы түркі ойшылдары, 2005: 516).

Нәзирагөйлік дәстүр Алтын Орда дәуірінде өрістей түсті. Өзбек хан мен Жәнібек хандар билік құрған тұста, 1313-1357 жылдары Рабғузидің «Қисса сұл-әнбиясы», Әлидің «Жүсіп-Зылиқасы», Хұсам Кәтіптің «Жұм-жұмасы», Хорезмидің «Мұхаббатнамасы», Сайф Сарайдың «Гүлстаны», Құтбтың «Хұсрау-Шырыны», Кердеридің «Жұмақтардың ашық жолы» сияқты жүздеген кітаптар жарық көрді. Т.Қыдырдың айтуынша, Алтын Орда хандығында таққа талас басталып, ел іші бүліне бастағанда, ғұламалардың дені Мысырға қарай көшіп барады. Себебі ол кезде Мысырды Дешті қыпшақ даласынан кеткен мәмлүктер билеп тұрып еді. Әрі Мысырдағы билік қыпшақ тілінде сөйлейтін. Ғұламалардың тез сіңісіп кетуіне тілдік кедергі болмады. Олар Алтын Орда жерінде жырлаған әдебиетін нәзира дәстүрімен қайта жаңғыртып жырлай берді. Кейін Осман империясы күшейгесін, ғалымдар сол жаққа қарай көшіп барып, жемісін сол топырақта берді... Орыс отаршылдығы XIX ғасыр-

да қазақ даласын толық қыспаққа алды. Біздің бағымызға орай сол заманда Қазан, Уфа және Ташкент қаласында баспа өнері пайда болады (Керімбай, 2023: 68). М.Молдабаеваның (2013, 45 б.) рухани концепциясына салсақ, назиралық дәстүрге, жалпы жыр-дастанға қазақ шығармашылық тұлғалары мен қайраткерлерінің мұншалықты жармасып айырылмауының транценденті табиғатымен байланысты. Тарихшы мұның маңыздылығын «Бұндай ұғымдардың асыл көрінуі себебі олар адамзаттың рухани мәдениетінің генетикалық фонды» деп атап өтеді. Шығыс халықтарының, оның ішінде түркілік сипаттағы философиялық ойды, яғни философия тарихын қазіргі заман тұрғысынан көз жібере отырып, оның тарихи сабақтастық пен мұралау принциптеріне сүйенетін негізгі бағдарын айқындай аламыз. Өйткені дәстүрді барынша қастерлеп өткен тарихымызда әрбір рухани мәнділігі бар құбылысты қадірлеу, оны барынша объективті түрде пайымдау, халықтың болашағына сәйкес келетін парақты зерделеу белең алып келгеніне тәнтіміз (Орта ғасырдағы түркі ойшылдары, 2005: 51).

Қорытынды

Нәзирагөйлік құбылысы мен генезисіндегі өзіндік ерекшеліктеріне орай, мынадай мәдени-философиялық тұжырымдар ала аламыз:

1. Бұл үрдісті әдебиет тарихындағы өзіндік «мектеп» ретінде қалыптасқанмен, аударма ісі, дүниетаным түбірлестігі мен мәдениеттер сұхбаттастығы аясындағы, адамзаттың тарихи жадысының тұтастығы мен қандай-ма бір жалпыадамзатқа тән бірізділіктің белгілі бір тұстарын айғақтайтын, кей кезде діни идеологиялық қызмет те атқаратын құбылыс ретінде бағалауымызға болады. Экспликациялайтын болсақ, нақтырақ айтқанда, жалпыадамзаттық және аймақтық-шығыстық архетиптердің тұтастығын, белгілі бір әфсаналар арқылы оқиғалар мен дүниетанымдарды қайта бағалайтын-реконструкциялайтын, аудармалардың еркін түрі ғана емес, «еркін және калькалы аудармадан тыс мазмұндық еркін аудармалар» деп атауға болатын басқаша бір құрылымдар мен мәнерлерге жетелейтін, ал мазмұны бойынша кей сәттерде исламдық діни идеологиялық қызмет атқарып, тарихи және қоғамдық оқиғаларды исламдандыратын және оларды халықтың тарихи жадысында қайта жаңғыртатын құрал ретінде де қолданылатын күрделі көпқызметті, композициялы метаморфозалар деп көрсете аламыз.

Сондықтан, оның мынадай нақты ерекшеліктері мен келбетін жинақтап көрсетуімізге болады: түркі дәуіріндегі әдеби мектеп; шығыстық әдебиет, оның ішінде, көп жағдайда, әсіресе, ежелгі дәуірдегі арабтық-парсылық әдеби туындыларға жүгінушілік; бірақ көне парсылық зорастризм емес, исламдық дүниетанымға негізделген және жалпы діннен тыс көзқарастарды да басшылыққа алатын туындыларды, киссалар түріндегі басым бөлігі поэтикалық шығармаларды негізге алу; оларды батырлар жыры немесе лиро-эпостық дәстүрлерден басқаша сарындағы формасы жөнінен «қайталаулар» да болып табылады; түпнұсқа шығармаларды қайта жазатын аударманың еркін түрі ғана емес, басты сюжеттерді басшылыққа алып, оларды қайта құрылымдау; мәдени сұхбаттастықтың кең көрінісі мен еліктеушілік т.б. болса, баяндау мәнері тұрғысынан алғанда, бұл: поэтикалық-лирикалық тіл; әдеби көркемдік нақыштардың өрістеген түрі – эстетикалық; мазмұн мен мәнерді түркілік-қазақи дүниетанымға бейімдеу; аудару арқылы басқаша реңк беру – еркін аударманың шек қойылмайтын түрі; шығыстық тілдерді, әсіресе, парсы, тәжік, өзбек, ұйғыр, тілдерін жетік меңгеретін полиглоттылықты да қажет етеді; һәм, мәшһүр, дәруіш, қисса, шаһ-шаһзада, хикмет, шаһар, хәл, ғибрат, әфсана, хикаят т.б. араб-парсы сөздерін концепттер ретінде пайдаланады; түркі тілдері, шағатай, оғыз-қыпшақ тілдерінде баяндалу; тақырыбы бойынша: патша билігі, махаббат, діни, экзистенциалдық, тарихи оқиғалар; ретроспективтік қайта жаңғырту; әдеби мұраларды аудармалар арқылы – сақтау, дамыту, жеткізу, жаңғырту; жаңа бағыттар ретінде қайта құрылымдау (нео); бағзы заманғы мифтерді реконструкциялау; рухани мәдени реконструкциялау арқылы этномодернизациялау мақсаты да кездеседі; әлем, қоғам, тіршілік туралы «көшірмелердің көшірмесі» т.б.

2. Тарихи-мәдени әдеби дәстүрлер ретінде XI ғасырдан бастау алып (азербайжандық ақын Низамидің «Хұсрау Шырын» дастанын Қыпшақ ақыны Құтыбтың бұл еңбекті қыпшақ тілінде нәзира жасауы), Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетте өркендей түсіп, кейіннен, бұл дәстүр бәсеңсігенмен, мүлде жоғалып кетпей, XIX ғасырда Абай, Шәкәрім сынды ойшылдардың шығармашылығында көрініс тауып, Н. Изтелеудің дастан жазу дәстүріне дейін жалғасқандығын көре аламыз. Бұл таза нәзирагөйлік институттың шынайы келбеті.

Ал оның ұқсас келетін тым арғы көріністеріне, көне бастауларына үңілсек және түрле-

нуіне назар салсақ, әлемдік мәдениеттегі уақыт бойынша вертикальді, кеңістік бойынша горизонтальді көріністерін кезіктіре аламыз. Бұл көріністері осы нәзіргөйлік дәстүрге ұқсас көріністерінің барлығын жинақтап, тым кең масштабта қарастыратын болсақ, онда олардың тұтас рухани мәдениеттегі келбетін жинақтап алып, жіктеуге мүмкіндік аламыз:

а) кейінгі заманауи философиялық, психологиялық, педагогикалық т.б. іргелі тұжырымдамаларды негіздеу барысындағы когеренттіліктің кей сәттерде бұрынғы ғылыми тұжырымдамаларға емес, өткеннің байырғы нарративті білімдеріне, мәселен, мифтеріне сүйену арқылы жүзеге асатындығын көре аламыз. Мәселен, Платонның идеализмін дәйектеуіндегі «Үңгір адамдары» оқиғасын қолдануынан бастап, А. Камюдың өмірдің абсурдтылығы тұжырымын ұсынуда байырғы «Сизиф туралы аңыздың» оқиғасын пайдалануы, З. Фрейдтің ер баланың және қыз баланың жыныстық елігуін дәйектеудегі «Эдип патша» аңыз желісін еске түсіруі, «нарциссизм» терминін енгізу барысында «Нарцисс туралы аңызды» проекциялауы, өлімге ұмтылу инстинктісінде «Танатос» құдайының атауы мен қызметін пайдалануы т.б. дейінгілердің барлығы осының айғағы іспеттес. Немесе, постмодернизмдегі «Тарих» түсінігін ерекше концепт ретінде талдап түсіндіруіндегі «Хаос», «Кронос» уақыттың кесінділері мен олардың мәжбүрлеп сабақтастандыруы туралы пікірлері, тағдыр туралы пайымдаулардағы «Фатум-Фортуна» бейнелері т.б.

ә) мұндай дәстүр тек гуманитарлық ғылымдарда емес, жаратылыстану ғылымдарында да кездеседі. Бірақ та олар нақты ғылымдар болғандықтан, олардың мифологиялық немесе байырғы руханияттық желісін сол күйінде пайдаланбайды, тек іргелі құбылыстардың ішкі мағынасына үніледі, атауларын, маңыздылығын верификациялайды, сұрыптайды. Мәселен, көне Грек мифологиясындағы «Хаос» түсінігінің қазіргі астрофизика мен жаратылыстану космогенезіндегі, синергетикадағы сол қалпында қолданылуы (Мәселен, И.Пригожин мен И.С-тенгерстің «Хаостан түзілген тәртіп» еңбегі).

б) Көне Гректік жарықтандырылған персонафикацияланған құдай Фосфор (Эросфор) – бастапқыда алхимияда, кейіннен, классикалық химияда бір элементтің ғылыми атауына айналды. Қазірге таңда, Фосфордың мифтік-мистикалық бейнесі ұмытылып, атаудың мағынасы өзгеріп кетті. Антика дәуіріндегі құдайлар есімі қазіргі ғылыми академиялық астрономияда ас-

пан денелерінің атауы болып қабылданды, мәселен, соғыс пен қуаттылық құдайы – Марс, саудагер, саяхат құдайы – Меркурий, махаббат пен неке құдайы – Венера т.б. – бұлар «ноуменалды нәзіргөйліктің ұқсатылған түрі», бірақ біз қарастырып отырған нәзіргөйліктен тым алыс, тек жалпылама байланыстың бір қырын негізге алатын параметрлер бойынша ғана формалық ұқсастырып қайталаулар. Бұны гомоморфты сәйкестікке жатқызуға болады.

в) Өнердің пайда болуы туралы тұжырымдамалардың бірі – оның табиғатқа еліктеуден туғандығы туралы теория да көшірмелерді (мимесис) негізге алады. Өнер туындылары мен құралдары табиғатты сол күйінде емес, көркемдік тұрғыдан бейнелейді, оны өзгертеді, басқаша көшірмелерін жасайды, адамзатқа бейімдейді, құбылтады, эстетикаландырады. Бұл да нәзіргөйліктен тым алыс қайталаулар болғанмен, құбылтуы мен өзгертуі, бейімдеуі және әдебиеттің де өнерге жатқызылатындығы жағынан, яғни, бір жазықтықта екендігі тұрғысынан алғанда ұқсастырумызға болады. Бұл изоморфты сәйкестік.

г) Келесі кезекте, неғұрлым жақын келетін ұқсас қайталаулар институционалданған тарих ғылымында кездеседі. Мәселен, еуропалықтар тарихында ғұндардың (Мәселен, Аттила) Рим империясына шабуылы шығыстан келген басқыншылар мен жабайылар ретінде жағымсыз мәнде қабылданса, түркілік тарихшылар оны әлемдік құл иеленушілік құрылысты құлатушы, адамзатқа прогресс алып келушілер ретінде жағымды мәнде бағаланады. Шындығында, тарих объективті емес, ол қай халықтың өкілінің жазғандығына байланысты субъективті факторларға тәуелді болады. Бұл Абайдың Ескендір поэмасынан да анық байқалады, Абай тарихта құпталатын, жағымды тұлға ретінде көрсетілген Александр Македонскийдің тұтас бейнесіне соққы беріп, оны жағымсыз бейне ретінде де қарастыруға жол ашады. Яғни, Абайдың нәзіргөйлігі тек қана қайталау әдебиеті емес, тарихты қайта құрылымдау, құндылықтарды қайта бағалауға ықпал ететін рухани мәдениеттегі сілкіністің бастаулары еді.

ғ) Қазіргі замандағы қоғамдағы «әлеуметтік мифтер» деп аталатын құбылыстың мазмұны мен шығу тегі көптүрлі, олардың кейбірі көне мифологиялық фабуланы, сюжеттерді заманға сай трансформациялап, модернизациялап «қайталайды». Мәселен, ертегілердегі, эпостардағы сансыз көп жауға жалғыз шауып, жеңіске жететін қаһарман культі – заманауи шытырман оқиғалы кионофильмдердегі, бірнеше адамнан құ-

ралған, тамыры тереңде жатқан іргелі әділетсіз мафиялық каналдармен жалғыз өзі күресіп «оқ өтпейтін», «суға салса батпайтын» тұлға ретінде жеңіске жетуі арасында сюжет нәтижесі жөнінен түпкілікті айырмашылықтар жоқ, барынша эквивалентті.

д) сондай-ақ, ғылыми таным мен ғылым тарихында, аса маңыз беріле бермейтін тура эквиваленттіліктер де бар, оларды қазіргіше айтқанда, «плагиаттар» деп те атауға да болады. Антика дәуірінде б.э.б. V-II ғасырларда-ақ: Филолай, Эратосфен, Селевк, Посидоний, Страбон, үнділік астроном Ариабхата (476-550) т.б. Жердің шар формалы екендігін, болжап, дәйектеп, кейбір өлшемін есептеп те кеткен болатын. Бірақ ол тек қайта өрлеу дәуіріндегі гелиоцентристер арқылы ғана мойындалды. Материалдық әлемнің атомдардан құралғандығы көне Демокрит өмір сүрген дәуірмен қатар Үнділік вайшешика ілімінде де айтылады.

ж) Нәзирәгөйлікті тек қана Алтын орда дәуірі мен сол өлкенің әдеби дәстүрімен шектеуге болмайды. Мәселен, XV ғасырларда жазылған «Қорқыт ата кітабы» кітаби Қорқыт ретінде жеке мағынаға ие болғанмен, ол VІІ-VІІІ ғасырларда түркі даласында Сырдария маңына өмір сүрген мифологиялық бақсы Қорқыттың тұлғасының айналысана шоғырландырылған оқиғалар тізбегінен тұрады және жалпы эпостық дәстүр бойынша, оларды жинақтайтын іргелі туынды ретінде бағаланады. Оны да біз қарастырып отырған нәзирагөйлікке жатқызуға болады, бірақ бір ерекшелігі, ол мәтіндерді өзгертіп көшіру емес, фольклорды жазба әдебиетке айналдыру болып табылады, сонымен қатар, сол дәуірдегі дүниетанымға сай исламдандыру идеологиясы да кездеседі. Дегенмен, қазіргі таңда Түркия еліндегі Қорқыт туралы аңыздар мен оның сол аймақтарда жерлеген жері туралы болжамдар да Қорқыт ғылыми тарихи тұрғыдан негізделуі тиіс деп санайтын көзқарастар да бар. Ал қазіргі заманда фольклордың қағазға түсірілуі бұл этнографиялық зерттеулер екендігі түсінікті жайт, бұны нәзирагөйлікпен шатастыруға болмайды.

з) Нәзирәгөйлік тек басқа туындыларға еліктеу мен оны көшірмелеу ғана емес, оның бастапқыда бір ғана тарихи түбірлестіктен тарап, әрбір халықтарда сақталып қалған мәдениет элементі болуымен де айшықталады. Яғни, бір аймақтан тараған халықтардың кеңістік бойынша басқа да аймақтарға таралуы, туыстық жағынан түбі бір халықтардың сол бастапқы субстраттарды сақтауы арқылы да танымалданады. Бұл тұста, көшірмелеу емес, тек өздерінің әрқилы мәдениет

трансформациялары арқылы мұраларды құрылымдауы ақиқат болып шығады. Мәселен, Алпамыс батырдың қазақ, қарақалпақ (Алпамыс), өзбек (Алпомиш) халықтарының жыр нұсқалары, башқұрт (Алпамыш пенен Барсынһылу), татарлардың (Алыпмамшан) ертегілік нұсқалары және алтайлықтардың мифтік аңызымен (Алып-Манаш) қатар, оғыз нұсқасындағы (Байбөріұлы БәмсіБайрақ) кейіпкерлер бейнесі типологиялық «Қорқыт ата» кітабындағы «Бәмсі-Байрақ» жырынан бастау алатыны белгілі.

и) генетикалық немесе тілі жағынан туыстас халықтардағы бұл сарындардың ортақ бір субстраты бар екендігі ғылыми тұрғыдан да түсінікті жайт. Кей сәттерде, туысты жоқ, жай ғана мәдениеттер сұхбаттастығы арқылы сақталған мұралар да кездеседі. Мәселен, көне Гректік қаһармандық мифтік кейіпкер – Геракл мен оғыздардың Көроғлы дастаны дыбыстық жағынан ұқсас, шығу тегі бір екендігі де бағамдалған: Гер-Көр, Аклы-оғлы. Немесе, Қорқыт ата жырындағы Төбекөз дәу мен Гректік Полифем туралы мифтердің де сәйкес келуін мысалға алуымызға болады. Жалпы, әлемдік мифтер арасындағы сюжеттер ұқсастығы жиі кездесетін жайт (ол өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді)

к) бұндай мәдениеттердің сұхбаттастығы немесе бір түбірден тараған персонаждар ғана емес, тұтас мәдениет, дін және діни сенімдердің де ұқсастықтары түрінде кездеседі. Мәселен, иудаизм, христиан, ислам діндерінің шығу тегі бір деп санайтын көзқарастар басым және оларға ортақ Авраамдық діндер деген атау да беріледі. Немесе, Рим капитолийіндегі қасқыр бейнесі мен ғұндардың бөрі тотемі, Қытайдың конфуциандық сенімі мен түркілердің тәңірлік ілімі арасында да атауы жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да ұқсастықтар бар.

қ) қазіргі заманғы постмодернистік мәдениеттегі: түпнұсқаларды фрагменттеу, тілдік құбылтулар арқылы көшірмелеу (плагиаттар), біреулердің айтқан пікірлерін өзгелердің жазуы, автордың өлімі т.б. мен симуляктар – осы нәзирәгөйлік дәстүріне ұқсайды. Дегенмен, бұл дәстүрлер ресми түрде институционалданбағандықтан, кей жағдайда төлтума туынды ретінде емес, жағымсыз мәнде бағаланады. Ал симуляктар тұрғысынан қарастырғанда, нәзирагөйлік кең көлемде жалпылау арқылы айырмашылықтарын тізбектеп көрсетсек, нақ соның өзіне де айналуы да ықтимал.

Яғни, біз нәзирагөйліктің көпқызметтіліген туындата аламыз: мәдениеттер сұхбаттастығын қамтамасыз етушілік; тарих пен рухани құнды-

лықтарды қайта бағалаушылық; рухани құндылықтарды қайта жаңғыртушылық пен оларды сақтаушылық; шек қойылмайтын еркін аударма өнері үрдісінің орнын алмастырушылық; белгілі бір исламдық немесе түркілік ұлттық идеологияларды насихаттаушылық, педагогикалық тұрғыдан келгенде, дидактикалық-өнегелік тәрбиелеушілік т.б.

Ал эволюциялық тұрғыдан кең масштабта тек үдерістік сипатын қарастырсақ: өткенге қайта оралу мен Ф. Ницше тұжырымдағандай мәңгі қайта оралу, диалектика бойынша шығыршық (спираль) бойынша даму; ортақ адамзаттық, аймақтық, халықтық архетиптердің сақталуы;

дүниетанымның емес, ойлау машығындағы әлдеқандай бірізділік пен заманға сай үнемі модернизациялануының нәтижесі, яғни, жаңашылдыққа деген ұмтылыс – диалектикалық терістеу; ескі мен жаңаның, тарихилық пен логикалықтың, жаңашылдық пен дәстүршілдіктің бірлігі; эпистемологиялық тұрғыдан «кумулятивизмнің басқаша бір көріністері» т.б.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық (AP19679556 – «Қазақстандағы өзекті аударматану: теориясы және практикасы») жобасы аясында дайындалған.

Әдебиеттер

- Ahmad, A., Asrar-ul-Haq, M., & Hussain, M. (2022). Generational differences in organizational leaders: An interpretive phenomenological analysis of work meaningfulness in the Nordic high-tech organizations. *Technological Forecasting and Social Change*, 180, Article 121705.
- Aubakirov, E., Tleubergenova, M., & Kulzhanova, G. (2022). Current trends in the development of work ethics and management in Kazakhstan. *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*, 11, 82–106.
- Бурдые, П. (2001). *Практический смысл* (пер. с фр.). Санкт-Петербург: Алетейя.
- Гурсоу, Д., Maier, T. A., & Чи, С. Г. (2008). Generational differences: An examination of work values and generational gaps in the hospitality workforce. *International Journal of Hospitality Management*, 27(3), 448–458.
- Дильтей, В. (2006). В. Ә. Нысанбаев (Ред.), *Әлемдік философиялық мұра: в 20 т.* (Т. 11). Алматы: Жазушы.
- Есім, F. (2017). *Өнегелі өмір*. Алматы: Қазақ университеті.
- Капустина, Д. М. (2021). Философское понимание успеха и его современная трактовка студентами технических вузов. *Перспективы науки и образования*, (2)(50), 118–129.
- Кант, И. (2010). *Антропология с прагматической точки зрения* (пер. с нем.). Санкт-Петербург: Наука.
- Кондаков, И. В. (2011). *Цивилизационная идентичность в переходную эпоху*. Москва: Прогресс-Традиция.
- Маркс, К. (1985). *Избранные произведения: в 3 т.* (Т. 1). Москва: Издательство политической литературы.
- Маннгейм, К. (1928). Проблема поколений. *[Электронный ресурс]*. URL: <http://soc-mol.ru/encyclopaedia/studies/155-problema-pokoleniy-1928.html> (дата обращения: 25.12.2023).
- Мид, М. (1988). *Культура и мир детства: избранные произведения*. Москва: Наука.
- Mendoza-Briceño, E., Valdivia-Zamora, C., & Sanga, G. R. (2021). Determinantes de la satisfacción laboral en un establecimiento de salud durante el estado de emergencia sanitaria. *Apuntes Universitarios*, 12(1), 122–134.
- Ортега-и-Гассет, Х. (1997). *Избранные труды* (пер. с исп.). Москва: Весь мир.
- Сапарова, Д. Р. (2020). *Культурное пространство цифрового поколения* (дис. доктора философии (PhD), КазНУ). Алматы.
- Шанна, Д. (2019). Generational similarities in work values of generations. *Journal of Human Resource Management*, 22(2), 10–26.
- Шопенгауэр, А. (2001). *Собрание сочинений: в 6 т.* (Т. 2, пер. с нем.). Москва: Республика.
- Strauss, W., & Howe, N. (1991). *Generations: The history of America's future, 1584 to 2069*. New York, NY.
- Хренов, Н. (Ред.). (2005). *Поколения в социокультурном контексте XX века*. Москва: Наука.
- Honkaniemi, L., Lehto, A.-M., & Kosonen, H. (2015). Well-being and innovativeness: Motivational trigger points for mutual enhancement. *European Journal of Training and Development*, 39(5), 393–408.
- Corsten, M. (1999). The time of generation. *Time and Society*, 8(3), 249–272.
- Гегель, Г. В. Ф. (1993). *Философия истории. Лекции по философии истории* (Ю. В. Перов, Пер.). Санкт-Петербург: Наука.
- Ницше, Ф. (1990). *О пользе и вреде истории для жизни* (пер. с нем.). Москва: Мысль.
- Нұрадин, Г. Б., & Сапарғалиева, С. Ж. (2020). «Millennials» буыны және ұрпақтар сабақтастығы. *Адам әлемі философиялық, қоғамдық және гуманитарлық журнал*, 1(83), 17–33.
- Ортега-и-Гассет, Х. (2003). *Восстание масс* (пер. с исп.). Москва: Аст.
- Хайдеггер, М. (1997). *Бытие и время* (пер. с нем.). Москва: Ad Marginem.
- Фейербах, Л. (1974). *История философии: в 3 т.* (Т. 1, пер. с нем.). Москва: Мысль.
- Ясперс, К. (1994). *Смысл и назначение истории* (пер. с нем.). Москва: Издательство Республика.

- Twenge, M. (n.d.). Поколение I. [Электронный ресурс]. URL: <http://loveread> (Дата обращения: 20.12.2023).
- Құнанбайұлы, А. (2020). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы: 2 т.* (Т. 1). Алматы: Жазушы.
- Қазақстандық отбасылар – 2022 баяндамасы. (2022). Астана: Автор.
- World Values Survey Wave 7 (2017-2020) Kazakhstan. (n.d.). [Электронный ресурс]. URL: http://file://C:/Users/Admin/Downloads/F00011924-World_Values_Survey (Дата обращения: 20.07.2023).

References

- Ahmad, A., et al. (2022). Generational differences in organizational leaders: An interpretive phenomenological analysis of work meaningfulness in Nordic high-tech organizations. *Technological Forecasting & Social Change*, 180, 1-11.
- Aubakirov, E., et al. (2022). Current trends in the development of work ethics and management in Kazakhstan. *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*, 11, 82-106.
- Burdmjz, P. (2001). *Prakticheskij smysl* (Practical sense). Aletejya.
- Corsten, M. (1999). The time of generation. *Time and Society*, 8(3), 249-272.
- Diltey, V. (2006). *Alemdik filosofiyalyk mura: 20 t.* [World Philosophical Heritage: in 3 volumes] (A. Nysanbaev, Ed.). Zhazushy.
- Fejerbakh, L. (1974). *Istorija filosofii: v 3 t.* [History of Philosophy: in 3 volumes]. Myslmjz.
- Gegelmjz, G. (1993). *Filosofia istorii. Lekcii po filosofii istorii* [Philosophy of History. Lectures on the Philosophy of History]. Nauka.
- Gursoy, D., et al. (2008). Generational differences: An examination of work values and generational gaps in the hospitality workforce. *International Journal of Hospitality Management*, 27, 448-458.
- Honkaniemi, L., et al. (2015). Well-being and innovativeness: Motivational trigger points for mutual enhancement. *European Journal of Training and Development*, 39(5), 393-408.
- Kant, I. (2010). *Antropologiya s pragmaticheskoy tochkoy zreniya* [Anthropology from a Pragmatic Perspective]. Nauka.
- Kapustina, D. (2021). Filosofskoe ponimanie uspeha i ego sovremennaya traktovka studentami tekhnicheskix vuzov [Philosophical understanding of success and its modern interpretation by students of technical universities]. *Perspektivy nauki i obrazovaniya*, 2(50), 118-129.
- Kazakstandyk otbasylar. (2002). *Kazakh Families*. Zhazushy.
- Khajdegger, M. (1997). *Bytie i vremya* [Genesis and Time]. Ad Marginem.
- Kondakov, I. (2011). *Civilizatsionnaya identichnost' v perexodnuju jepoxu* [Civilizational Identity in a Transitional Era]. Progress – Tradiciya.
- Kunabajuly, A. (2020). *Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy: 2 t.* [Collected Works: in 2 volumes] (T.1). Zhazushy.
- Manngejm, K. (1928). *Problema pokolenij* [A Generational Problem]. <http://soc-mol.ru/encyclopaedia/studies/155-problema-pokoleniy-1928.html>. Accessed 25.12.2023.
- Marks, K. (1985). *Izbrannye proizvedeniya: v 3 t.* [Selected Works: in 3 volumes] (T.1). Izd-vo politicheskoy literatury.
- Mendoza-Briceño, E., et al. (2021). Determinantes de la satisfacción laboral en un establecimiento de salud durante el estado de emergencia sanitaria. *Apuntes Universitarios*, 12(1), 122-134.
- Mid, M. (1988). *Kulmjtura i mir detstva: izbr.proiz.* [Culture and the World of Childhood: Selected Works]. Nauka.
- Nicche, F. (1990). *O polmjtze i vrede istorii dlya zhizni* [On the Benefits and Detriments of History for Life] (T.1). Myslmjz.
- Nugin, R. (2010). Social time as the basis of generational consciousness. *Trames*, 14(4), 356-361.
- Nuradin, G., & Sapargaliev, S. (2020). *Millennials* buyny zhane urpaktar sabaktastygy [Generation Milenals and Generational Continuity]. *Adam alemi*, 1(83), 17-33.
- Ortega-i-Gasset, X. (1997). *Izbr.tr.* [Selected Works] (trans. from Spanish). Vesmjz mir.
- Ortega-i-Gasset, X. (2003). *Vostanie mass* [Revolt of the Masses]. Ast.
- Pokoleniya v sociokulmjtturnov kontekste XX veka. (2005). *Generations in the Socio-Cultural Context of the 20th century* (N. Xrenov, Ed.). Nauka.
- Saparova, D. (2020). *Kulmjtturnoe prostranstvo cifrovogo pokoleniya* [Cultural Space of the Digital Generation]. Kazak universiteti.
- Shanna, D. (2019). Generational similarities in work values of generations. *Journal of Human Resource Management*, 22(2), 10-26.
- Shopengauer, A. (2001). *Sobr. soch.: v 6 t.* [Collected Works: in 6 volumes] (T.2). Respublika.
- Strauss, W., & Howe, N. (1991). *Generations: The History Americas Future, 1584 to 2069*. New York.
- Twenge, M. (n.d.). *Pokolenie I* [Generation I]. <http://loveread>. Accessed 20.12.2023.
- World Values Survey Wave 7 (2017-2020) Kazakhstan. (n.d.). *World Values Survey Wave 7 (2017-2020) Kazakhstan*. http://file://C:/Users/Admin/Downloads/F00011924-World_Values_Survey. Accessed 20.07.2023.
- Yaaspers, K. (1994). *Smysl i naznachenie istorii* [The Meaning and Purpose of History]. Izd-vo Respublika.
- Yesim, G. Onegeli omir. – Almaty: Kazak universiteti, 2017. – 401 b. [Wisdom] (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Нәби Әділбек Жаңабегенұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының докторанты (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: Adilbeknabi15@gmail.com);

Құранбек Әсет Абайұлы – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: akuranbek@gmail.com);

Искакова Зауреш Сабырбековна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының докторанты (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: zauresh_iskakova@gmail.com);

Абжалов Сұлтанмұрат Өтеуіұлы – қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қ., Қазақстан, эл.пошта: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz);

Аташ Берік Мұратұлы (корреспондент-автор) – қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: atash_berik@mail.ru).

Information about authors:

Nabi Adilbek – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mamyt85@inbox.ru);

Kuranbek Asset – Candidate of Philosophical Sciences, Head of the Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akuranbek@gmail.com);

IskakovaZauresh – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zauresh_iskakova@mail.ru);

AbzhalovSultanmurat – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Khoja AkhmetYassawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakhstan, e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz);

Atash Berik (corresponding author) – Doctor of Philosophical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: atash_berik@mail.ru)

Информация об авторах:

Наби Адильбек – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: mamyt85@inbox.ru);

Куранбек Асет – кандидат философских наук, заведующий кафедрой философии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akuranbek@gmail.com);

Искакова Зауреш – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zauresh_iskakova@mail.ru);

Абжалов Сұлтанмұрат – кандидат философских наук, доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Яссауи (Туркестан, Казахстан, e-mail: sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz);

Аташ Берик (автор-корреспондент) – доктор философских наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: atash_berik@mail.ru)

Келіп түсті: 20 желтоқсан 2024 жыл

Қабылданды: 20 ақпан 2025 жыл